

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ТАРАТПАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ульмесеков Р. Ж., магистрант

(Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор **Кенжеғали Ж.М.**)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ, Қазақстан

Халықаралық қауіпсіздікті нығайту процесінің мазмұнын құрайтын қазіргі заманғы проблемалардың ішінде ядролық қарудан азат аймақтар құру ерекше орын алады. Орталық Азия мемлекеттерінің қазіргі халықаралық қатынастардың өзгермелі жағдайында жаппай қырып жою қаруының таралуының алдын алу үшін атқарып жатқан жұмыстары бірқатар. Орталық Азияда ядролық қарудан еркін аймақ құру туралы шартқа 2006 ж. қыркүйегінде Семей қаласында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан Сыртқы істер министрлері қол қойғаны белгілі. Шарт оған кіретін мемлекеттердің шекараларын бейбітшілік, әл-ауқат, тату көршілік және ынтымақтастық шекараларына айналуы үшін объективті қызығушылығының нәтижесінде мүмкін болды. Осы объективті қызығушылықтан нақты процесс басталды. Ол ешкімге қарсы емес, біздің елдеріміз бен халықтарымыздың мүддесі үшін Орталық Азия өңіріндегі даму және тұрақтылық үшін жүзеге асырылуда.

1975 ж. 11 қарашада қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарары БҰҰ Бас Ассамблеясы таныған кез келген аймақ ретінде ядролық қарудан азат аймақты айқындайды, оны егемендіктің еркін көрінісіндегі кез келген елдер тобы өздері қол қойған шарт немесе Конвенция негізінде құрды [1]. Сонымен қатар әлемдік қоғамдастықтың жаппай қырып-жою қаруын таратпау саласындағы қалыптасқан жағдайдың ауырлығын түсінуі 1992 ж. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің отырысын мемлекет және үкімет басшылары деңгейінде өткізу туралы шешімге әкелді. Осы отырыста оның төрағасы барлық 15 мүшенің атынан 1992 ж. 31 қаңтарда жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлерін тарату «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіреді» деген мәлімдеме жасады [2]

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде Қазақстанға үлкен көлемдегі ядролық арсенал қалған болатын. 1990-шы жылдарды енді қалыптасып келе жатқан егемен мемлекеттің экономикалық дамуында алдына қойған мақсаттарды айқындау үшін күн тәртібінде тұрған сұрақтардың бірі ядролық қарудан бас тарту, не болмаса сол арсеналды сақтап қалу сұрағы тұрған болатын. Әрине ядролық қару потенциалын сақтап қалу Қазақстан Республикасы үшін сол кезде үлкен көлемдегі ғылыми-техникалық өндемелер жасауда қаржылық мүмкіндіктерді талап ететіндігі сөзсіз еді.

1991 ж. 29 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен тарихи шешім – Семей ядролық полигонын жабу ресімделді. 1993 ж. Қазақстан ТМД-да ядролық қаруды таратпау туралы шартқа алғашқылардың бірі болып қосылды, ал 1996 ж. ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартқа қатысушы болды. Қазақстан өзін ядролық қаруды таратпау саласындағы дәйекті саясат тұрғысынан сеіім артуға болатын мемлекет ретінде көрсетті. Бұл тұрғыдағы ең маңызды қадамдардың бірі елдегі ядролық материалдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Қазақстан ядролық оқтұмсықтар саны бойынша АҚШ-тан, Ресейден және Украинадан кейінгі төртінші болды, бірақ өз еркімен ядролық арсеналдан бас тартты [3].

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан таратпау және қарусыздану режимін нығайтуға зор үлес қосты. Құрлықаралық баллистикалық зымырандардың 1040 ядролық оқтұмсығы және круиздік зымырандарға арналған 370 оқтұмсық ел аумағынан шығарылды. Ядролық қару инфрақұрылымы жойылды. Қазақстан ядролық емес мемлекет ретінде ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды, ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шартты және ЯҚТШ-ға байланысты кепілдіктерді қолдану туралы МАГАТЭ-мен келісімге Қосымша хаттаманы ратификациялады. Көлемі бойынша төртінші ядролық арсеналға ие

болудан бас тарту және өзіне алған халықаралық міндеттемелерді орындауға берік бейілділік қауіпсіздікті қамтамасыз етті және мемлекеттің экономикалық өсуі үшін жағдай жасады [4].

Сондай-ақ, Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құрудың бастамашыларының бірі Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Кәрімов болды. Алғаш рет БҰҰ Бас Ассамблеясының 48-сессиясында Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов Орталық Азияда ядролық қарусыз аймақ құру туралы ұсыныс жасады [5] Бұл бастама оның Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының Лиссабон саммитінде сөйлеген сөзінің негізгі нүктелерінің бірі болды, оның мақсаты ХХІ ғасырдағы Еуропа үшін халықаралық қауіпсіздіктің жалпы және жан-жақты жүйесінің моделін талқылау болды. Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақ құрудың келесі кезеңі 1997 жылғы ақпандағы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Алматы кездесуі болды, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовтың бастамасын Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары бірауыздан қолдады. Сондай-ақ бұл бастама БҰҰ, ЕҚЫҰ және АЭХА сияқты беделді халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау тапты.

1998-2004 жж. өткізілген Орталық Азия елдеріндегі экспорттық бақылау мен жаппай қырып жоятын қаруды таратпау мәселелері бойынша халықаралық, аймақтық форумдардың ұсыныстарын орындау шараларына талдау, аталған елдерде экспорттық бақылаудың ұлттық бірінғай жүйесін жасау талпыныстарына қарамастан іс-қимылдардың ретсіз жүргізіліп отырғандығын аңғартты. Мысалы, ядролық материалдарды физикалық қорғау, экспорттық бақылау мәселелері, осы саладағы заңнаманы жетілдіру, унификациялау, экспорттық бақылаудың ұлттық тізімдерін әзірлеу секілді мәселелері құрылымға қатысушы мемлекет басшыларының кездесулерінде қарастырылмайды.

Ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа 2006 ж. 8 қыркүйекте Қазақстанда Семей қаласында қол қойылған болатын. Құжатты Орталық Азияның барлық мемлекеттері ратификациялағаннан кейін шарт 2009 ж. 21 наурызда күшіне енді. Шарт ядролық қаруы бар мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық хаттамамен қоса беріледі. Осы Хаттамаға сәйкес елдер ядролық қаруды қолданбауға және оны шартқа қатысушыларға қарсы қолдануға қауіп төндірмеуге міндеттенеді.

2014 ж. мамырда Орталық Азиядағы Ядролық қарудан еркін аймақ (ОАЯҚЕА) туралы шартқа хаттамаға барлық ядролық державалар - ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қатысушы мемлекеттер бір мезгілде қол қойды.

2016 ж. мамырда Ташкентте өткен ШЫҰ елдерінің Сыртқы істер министрлері кеңесі отырысының қорытындысы бойынша хабарламасында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) мүше елдер ОАЯҚЕА хаттамасының тезірек күшіне енуін қолдайды делінген болатын. Өзбекстанның сыртқы істер министрлігінің мәліметінше министрлер отырысында қарусыздану, жаппай қырып-жою қаруын таратпау, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану және қару-жарақты бақылау мәселелерінде тығыз өзара іс-қимылдың маңыздылығы. Осы тұрғыдан алғанда, Орталық Азиядағы Ядролық қарудан азат аймақ туралы шартқа қауіпсіздік кепілдіктері туралы хаттаманың әрбір тарап үшін тезірек күшіне енуі ядролық қаруды таратпаудың жаһандық режимін нығайтуға елеулі үлес қосатындығы туралы атап өтілді.

2014 жылғы мамырда ОАЯҚЕА туралы шартқа хаттамаға бір мезгілде барлық ядролық державалар - ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ/ДНЯО) қатысушы - Ұлыбритания, Қытай, Ресей, АҚШ және Франция қол қойды. Хаттаманы Франция, Ұлыбритания, Қытай және Ресей ратификациялады. Бұған дейін АҚШ Мемлекеттік департаменті Сенат хаттаманы 2016 жылы ратификациялайды деп үміттенген болатын.

Сонымен қатар 2017 ж. 20 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 72-ші сессиясында қол қою үшін ашылған Ядролық қаруға тыйым салу туралы шарт (ЯҚТШ/ ДЗЯО) - бұл ядролық қаруды таратпаудың қолданыстағы режимін осындай қару-жараққа толық тыйым салу жағына қарай өзгерту жөніндегі ядролық емес мемлекеттердің және халықаралық ядролық қаруға қарсы үкіметтік емес ұйымдардың көпжақты бастамасы айқындалған болатын. 2021 ж. 22 қаңтарда бұл шарт күшіне енген болатын. ЯҚТШ/ДЗЯО ядролық қаруды

қолдану мен сынаудың жойқын гуманитарлық салдарын жеңілдетуге бағытталған халықаралық гуманитарлық құқықтың алғашқы құралы болып табылды. 2021 ж. 22 қаңтарындағы жағдайға орай ЯҚТШ-ын әлемнің 51 мемлекеті ратификациялады. Сонымен бірге 37 мемлекет Шартқа қол қойды бірақ оны ратификацияламады, 40 мемлекет БҰҰ-да Шартты қолдады [6].

Шартта қамтылған ережелерге сәйкес оған қол қойған мемлекеттер ядролық қару ұстамауға, оларды пайдаланбауға, өндірімеуге, сатып алмауға, қандай да бір жерге орналастырмауға, ал қолда бар барлық қорларды жоюға және «қайтымсыз конверсия» жүргізуге міндеттенеді [7].

БҰҰ күн тәртібінде пайда болған сәттен бастап, ЯҚТШ/ДЗЯО әлемдік ядролық қаруды таратпау режимінің академиялық орталары мен саяси институттарында белсенді талқылануда. Оған БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері - әлемдік «ядролық клуб» мемлекеттері (Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Қытай), сондай-ақ ядролық қаруы бар басқа да елдер (Үндістан, Пәкістан, Израиль және Солтүстік Корея), НАТО-ның ядролық емес елдері («ядролық» одақтасар алдындағы міндеттемелері салдарынан) және ядролық қаруға қарсы шықты. Жапония (АҚШ-тың одақтасы ретінде). ЯҚТШ/ДЗЯО-ға қатысты пікірталастар оның заңды сипатына, ядролық қаруды таратпау туралы шартқа (ЯҚТШ/ДНЯО) қарама-қайшылықтарға, оған ядролық және ядролық емес елдердің қол қою перспективаларына және оны қолдау науқаны шеңберіндегі мүдделердің арақатынасына қатысты.

Орталық Азия мемлекеттерінің мемлекеттерінің ЯҚТШ/ДЗЯО пайда болуына ресми реакциясын қарауды Қазақстан Республикасынан бастау орынды. Қазақстан ЯҚТШ/ДЗЯО-ға бірінші болып қол қойды және ратификациялады. Бұл тиісінше 2018 ж. 2 наурызда және 2019 ж. 29 тамызда жасалды. Қазақстан делегациясының 2018 ж. Дайындық комитетіндегі (Препком) мәлімдемесінде: «соңғы онжылдықтар ішінде БҰҰ-ға мүше елдер ядролық қарусыздану жөніндегі көпжақты құжат жасау мәселесі бойынша келісімге қол жеткізе алмады. Бұл тұрғыда ЯҚТШ/ДЗЯО қабылдануы ядролық емес мемлекеттер тарапынан өз міндеттемелеріне деген жауапкершілік пен адалдықтың артқанын көрсетеді. Біз бұл шартты ядролық қаруы бар барлық елдерге айқын әрі біржақты белгі деп санаймыз» делінген болатын. Бұдан әрі мәлімдемеде ядролық қаруды таратпау ғана емес, ядролық қарусызданудың да маңыздылығы туралы бірқатар тұжырымдар бар. Женева форумы барысындағы тағы бір ресми баяндамада ҚР делегациясы «Қазақстан ядролық қарусыздануға бейілді болып қала береді және ядролық қарусыз әлемге қарай қозғалыс бағытында күш-жігерін аямай жалғастыруда... Адал емес және ұзаққа созылған дисбаланс [ядролық мемлекеттердің ЯҚТШ/ДЗЯО б-бабына сәйкес біртіндеп қарусыздану жөніндегі міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде] ЯҚТШ-ның қабылдануымен расталған көпжақты келіссөздердің негізі болды. Бұл Келісім - БҰҰ-ға мүше елдердің көпшілігі ядролық қауіп-қатерлермен күресу үшін нақты іс-қимыл жасауға дайын екендігінің маңызды белгісі» [8, Б.49-50].

Орталық Азияның қалған төрт мемлекеті 2018 ж. Препкомда мүлдем сөз сөйлемеді (егер Қырғызстан дипломаттары әлі қатысушылар тізімінде болса, онда Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан делегаттары ол жерде болған жоқ), олар БҰҰ-ның Қарусыздану жөніндегі Конференциясының отырыстарында да сөз сөйлеумен ерекшеленбеді. 2019 ж. дайындық комитетінде Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан делегациялары қайта ұсынылған жоқ. Қырғызстан өкілінің сөзінде ЯҚТШ/ДЗЯО туралы айтылған жоқ, негізгі екпін ЯҚТШ/ДНЯО-ның сақталып отырған басты рөліне және Орталық Азия өңірінде ЯҚЕА (Ядролық қарудан еркін аймақ) құру тәжірибесіне жасалды. Семей шартының күшіне енуінің он жылдығына орай өткізілген нью-йорктық Препкомда Орталық Азия мемлекеттерінің бірлескен бесжақты мәлімдемесінде, тіпті Қазақстан сияқты ЯҚТШ/ДЗЯО-ның қызу қолдаушысы бестік атынан сөз сөйлегеніне қарамастан, ЯҚТШ/ДЗЯО туралы және онда айтылған ядролық қаруға тыйым салу режимі туралы ескертулердің толық болмауы да айтарлықтай көрнекі болып табылады [8, б.50].

2021 ж. 28 қыркүйекте Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев ядролық қаруды толық жою үшін халықаралық күнге арналған пленарлық талқылау аудиториясы алдында сөз сөйледі: Тұрақты Террористік қауіппен бірге кейбір елдерде ядролық бағдарламалардың жалғасып жатқанына қарамастан, спикер осы жаһандық бағыттағы оң өзгерістерді оң бағалады. Ол ядролық қаруға тыйым салу туралы шарттың күшіне енуінің, Иранмен ядролық келісім туралы келіссөздердің қайта басталуының, СНВ (стратегиялық басқыншылық қарулары) шартын ұзартудың және АҚШ пен Ресейдің стратегиялық тұрақтылық туралы бірлескен мәлімдемесінің қабылдануының ұтымдылығын атап өтті. Сондай-ақ, ол он бес жыл бұрын Орталық Азия елдері өз өңірлерін «қиямет күні» қаруынан азат аймақ ретінде жариялағанын еске салды. Бұл планетаның солтүстік жарты шарындағы алғашқы ядролық қарусыз аумақ, деп атап өтті президент және Қазақстанның ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартты барынша жылдам қабылдауға қол жеткізу ұмтылысындағы шешімін тағы да растады.

2022 ж. 4 ақпанда Қазақстан Сыртқы істер министрінің орынбасары Ақан Рахматуллиннің Нұр-Сұлтанда аккредиттелген Орталық Азиядағы Ядролық қарудан азат аймақ туралы шартқа (ОАЯҚЕА туралы шарт) қатысушы мемлекеттердің елшілерімен кездесуі өтті. Кездесу барысында қазақстандық дипломат қалыптасқан достық пен бауырластық қатынастарын ескере отырып, ОАЯҚЕА серіктестерін ядролық қаруға тыйым салу туралы шартқа (ЯҚТШ/ДЗЯО) қосылуға және сол арқылы халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға қомақты үлес қосуға шақырды. А.Рахматуллин бүкіл әлем бойынша ядролық аймақтардың қатысушылары ядролық қарусыздану үдерісінің алдыңғы қатарында екенін атап өтті. Ол ядролық қарудан азат аймақтарды құрудың негізгі мақсаттары мен міндеттері ЯҚТШ/ДЗЯО рухы мен қағидаттарына сәйкес келетінін атап өтті. Бұдан басқа, ЯҚТШ/ДЗЯО-ға қатысушы мемлекет өзіне қабылдауға тиіс міндеттемелерді іс жүзінде ОАЯҚЕА қатысушылары орындайды. Осылайша, ОАЯҚЕА туралы шартқа қатысушы мемлекет өзіне қосымша субстантивтік міндеттемелерді қабылдамай, ЯҚТШ/ДЗЯО-ға қосыла алады. Мұны «Ядролық қаруға тыйым салу жөніндегі халықаралық кампания» (ICAN) ұйымы дайындаған салыстырмалы талдау дәлелдейді [9].

Орталық Азиядағы ядролық қарудан еркін аймақ құру және ядролық қаруға тыйым салу шартының қолдаудың перспективалары өңірдегі ядролық қарудың кез келген түрінің болуына тыйым салу секілді ядролық аймақ мәртебесін ресімдеудің ең оңтайлы тәсілін айқындауында. Орталық Азия өңірін ядролық қарусыз аймақ деп жариялай отырып, болашақ ұрпаққа өркендеу мен бейбіт қатар өмір сүруге мүмкіндік бере отырып, халықаралық қауіпсіздік пен ядролық қаруды таратпау режимін, ынтымақтастық пен тату көршілікті нығайту ісінде тағы бір қадам жасалатыны сөзсіз. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде осы бастаманы жүзеге асыруда елеулі рөл атқаруда және келешекте өңір мемлекеттері өздерінің ядролық қарудан еркін аймақ ретіндегі қадамдарын жетілдіре түседі деген болжам бар.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Potter W.C. Nuclear Power and Nonproliferation: An Interdisciplinary Perspective. – Cambridge, Mass: Oelgeschlager, Gunn & Hain Publishers, 1982. - p. 20.

2. Роль Совета Безопасности ООН в укреплении режима нераспространения ядерного оружия // Проблемы российского законодательства. – 2020. - №2. [Электронный ресурс] // Қол жетімділік тәртібі: <https://booksc.org/book/33384040/199d11>

3. Проект АТОМ: как Казахстан борется за лучшее будущее и безъядерный мир [Электронный ресурс] // Қол жетімділік тәртібі: <https://asiaplustj.info/ru/news/centralasia/20190829/proekt-atom-kak-kazahstan-boretsya-za-luchshee-budutshee-i-bezyadernii-mir>

4. Реализация статуса Центральной Азии как региона, свободного от ядерного оружия [Электронный ресурс] // Қол жетімділік тәртібі: <https://www.chem-astu.ru/chair/z136iss/rjealizacija-statusa-cjentralnoj-azii-kak-rjegiona-svobodnogo.shtml>

5. Robles A.G. The Latin American Nuclear – Weapon – Free Zone. – Muscatine: The Stanley Foundation, 1989. - p. 31.
6. Почему Договор о запрещении ядерного оружия имеет значение [Электронный ресурс] – Қол жетімділік тәртібі: <https://www.icrc.org/ru/document/pochemu-dogovor-o-zapreshchenii-yadernogo-oruzhiya-imeet-znachenie>
7. Договор о запрещении ядерного оружия. Полный текст на русском языке [Электронный ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <http://www.icanw.org/wp-content/uploads/2017/07/TPNWRussian1.pdf>
8. Муратшина К.Г. Политика государств постсоветской Центральной Азии в отношении Договора о запрещении ядерного оружия // Политика и правовое государство. – 2019. - № 11. – С.47-56.
9. Казахстан призвал государства-участники ЦАЗСЯО присоединиться к Договору о запрещении ядерного оружия [Электронный ресурс]. – Қол жетімділік тәртібі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/322068?lang=ru>

THE ROLE OF WATER RESOURCES IN ENVIRONMENTAL SECURITY IN CENTRAL ASIA

Sarbassova M.K., master's degree student
Karaganda University named after Academician E.A.Buketov
Karaganda, Kazakhstan

Environmental security is an integral part of national security and is defined as the balanced coexistence of the natural environment and human economic activity, when the level of pressure on the natural environment does not exceed its ability to regenerate itself. The term "environmental security" itself began to be actively used in political discourse in the 1970s of the 20th century.

Environmental security quickly became a key issue in new research. Nevertheless, long before that time, many scholars had called for a redefinition of national security to include environmental protection. For example, in 1983, Princeton University professor R. Ullman proposed an expanded definition of national security to include both raw material shortages and natural disasters [1]. Environmental degradation may lead to military confrontation between Third World countries and the more industrialized world, resulting in increased competition for resources and the illegal migration of environmental refugees. Thus, R. Ullman is more concerned that the ecological threat of the South could entail serious problems for the North. It is this publication by Ullmann that is the tipping point for the emergence of modern ecological security.

In 1986, Oxford University professor Norman Myers argued for the inclusion of environmental problems within the framework of understanding security. He argued that environmental problems can lead to serious consequences like military conflicts: If a country's ecology is depleted, then the economy will gradually decline and the political situation will eventually become destabilized. The result is likely to be domestic unrest or conflicts with other countries [2]. Myers believes that food shortages, depleted fishery resources, water scarcity, climate change, and desertification can lead to conflict.

Environmental degradation is itself very detrimental to human security and all life on earth. Atmospheric and water pollution, desertification and soil erosion, etc., are the result of human impact and can have a dire effect on living conditions. In this regard, many definitions of environmental security have focused on the disposal and protection of the environment [3, p.195].

One part of environmental security is the issue of water regulation, transboundary rivers in particular. About 97 percent of the water on earth is saline and not suitable for drinking or agricultural purposes. The remaining 2.5 percent is fresh water [4], two-thirds of which is in glaciers and ice sheets. A limited amount of water remains to provide for consumptive and non-consumptive uses.